

«Петровка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

тәрбие жұмысы бойынша 2023-2024 оқу жылының I жартыжылдық есебі

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

1. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
2. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.
6. Ұлттық құндылықтар: **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

«Петровка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

тәрбие жұмысы бойынша 2023-2024 оқу жылының I жартыжылдық есебі

2023-2024 оқу жылы тамыз айында ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Оқу жылына байланысты барлық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқу жылының тәрбие жоспарын талқылау мақсатында сынып жетекшілермен дөңгелек үстел ұйымдастырылды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспарланды. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілді.

1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені»

«Сәлем, жаңа оқу жылы» **Талап:** білуге, жаңаны тануға құштар болу

Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу. Білім күнін осы тақырыпта сынып сағаттар мен салтанатты жиын өтті.

8 қыркүйек жалпы Республикалық «Дене сергіту» челленджі ұйымдастырылды.

Талап: физикалық белсенді болу.

Талап: салауатты өмір салтын ұстану.

Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану.

Мектеп алаңында денсаулық күнінде жаппай жаттығу жасау және бастауыш сыныптарда отбасымен үйде дене шынықтырумен айналысу челленджі өтті. Барлық бейне роликтер әлеуметтік желіге жарияланып отырды. «Денсаулық және дұрыс тамақтану» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу.

15- қыркүйек Отбасы күніне арналған іс-шаралар. Ар-ұят: өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну. «Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы) сынып жетекшілер оқушылардың ата-анамен бірлесіп әрекеттену мақсатында осындай тәрбиелік мәні бар іс-шара өткізеді.

7-17 қыркүйек арасында мектепте тілдер апталығы өтті.

Апталық бойынша кітапханада «Тіл тірегім, соғып тұрған жүрегіміз» атты көрме ұйымдастырылды.

«Тілі менің тірегім» тақырыбында тіл мамандармен 5-9 «А», «Б» сыныптарына сыныптан тыс сабақ өткізілді.

15 қыркүйек күні 5 сыныптар арасында ағылшын тілі пәні мұғалімі Шефер Н.В. сыныптан тыс іс-шара өткізді.

«Тіл рухани қазына» шығарма жазу, «Тіл мәртебесі ел мәртебесі» атты эссе жазу байқауы өтті.

«Тіл асыл қазына» атты дөңгелек үстел және «Тіл тірегім» мәнерлеп оқу сайысы өтті.

Бастауыш сыныптар арасында «3 тілді тақпақ» видео байқауына 1- сынып оқушылары қатысты.

Мектеп тәлімгерінің жетекшілігімен 18-23 қыркүйек арасында мектеп президентінің сайлауы өтті. Үміткерлер

7-9 сыныптардың оқушылары өз бағдарламаларын ұсынды. 25 қыркүйек күні сайлау өтті, нәтижесінде 9 «А» сынып оқушысы Рамазан Ернар мектеп президенті болып сайланды, 9 «А» сынып оқушысы Уздембаева Риза премьер министр болып, министерстволар құрылды. Сонымен мектепшілік өзін-өзі басқару жүйесі құрылды.

Ұлттық мүдде: Қазақстан Республикасының патриоты болу

Қазан айы екі мерекемен басталды. Ұстаздар күні және Қарттар күні.

Ұстаздар күніне арналған "Ұлы ұстаздар" сынып сағаттары өткізілді. Өзін-өзі басқару ұйымы видеокұттықтауларды жіберілді, «Ұстазға хат жазам» поштасын және мерекелік концерт ұйымдастырды. Ар-ұят: адал еңбекті құрметтеу

Ұлттық мүдде: қоғам игілігі үшін қызмет ету Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу.

«Қарттырым-асыл қазынам»

(«Қарияға қол ұшын соз» жобасы еріктілер тобының жыл бойғы көмектесу жұмыстары) Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу. Ар-ұят: отбасының, өз ортасының абыройын асыру. «Қариясы бардың қазынасы бар» «Қарияға қол ұшын соз» жобасы. Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану

Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу. Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу.

Республика күні «Көк тудың желбірегені» 25 – қазан Республика күні «Ұрпаққа аманат жобасы» Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу. Ар-ұят: әдеп нормаларын ұстану

Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға ат салысу. Талап: дұрыс қарым-қатынас орната білу.

17 қазан мектебімізде Республика күніне орай салтанатты жиынның ашылуы өтті.

«Біз үшін» видео ролик челлендж түсірілді. Шахмат, Тоғызқұмалақ, Теннис ойындарынан оқушылар арасында жарыс өтті. Ұстаздар арасында волейболдан ойын өткізілді. Республика күніне арналған Қол өнер көрмесі және кітаптар көрмесі ұйымдастырылды. «Гүлдене бер Қазақстан!» суреттер байқуы өтті. 25 – қазан барлық сыныптарда сынып сағаттары өткізілді.

26-27 қазан арасында «Алтын күз» күзгі бал өтті.

Іс шаралар 0-2 сыныптар және 3-4 сыныптар арасында 26 қазан күні өтті.

Әр сынып нөмір дайындады, және сән үлгілерін ұсынды.

I орын - 2 «Б» 3 «Б»

II орын – 2 «А», 2 «Б», 4 «А»

III орын – 4 «Б», 3 «Б», 1 «Б»

Іс шаралар 5-6 сыныптар арасында «Көрікті күз» байқауы 27 қазан күні өтті. Әр сынып сахналық қойылым дайындады, күзгі сән үлгілерін ұсынды және күзгі дастархандарды жайды.

Барлығы жақсы дайындалып номинацияларға ие болды:

Іс шаралар 7-9 сыныптар арасында «Қызықты сайыстар» байқауы 27 қазан күні өтті. Әр сынып сахналық қойылым дайындады, күзгі сән үлгілерін ұсынды және күзгі дастархандарды жайды.

Барлық сыныптар мен өткізілген іс-шаралардың фото- видео материалы әлуметтік желілерге жүктелді.

9 «А» сынып оқушысы Рамазан Ернар мектеп президенті болып аудандық «Көш көсемі – 2024» байқауына қатысты. Өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштікті, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысты, көшбасшылық қабілеті бар жасөспірімдерді анықтау және олардың көшбасшылық мүмкіндіктерін ашу мақсатында, 2023 жылдың 17 қазан күні Жалтыр ауылындағы Мәдениет үйінде мектеп парламентінің үздік Президентіне арналған «Көш көсемі – 2024» аудандық конкурсы өтті. Байқау «Үлкен мүмкіндіктер – үлкен жетістіктер», «Барлық мүмкіндіктермен – жоғары жетістіктерге» деген ұранмен өтті.

Сонымен қатар **9 айға 9 іс-шара жобасы** аясында қазан айының 23 жұлдызында сағат 12:00 де Республикалық «**Әнұран орындау**» челленджі өткізіліп, өткізілген шара әлеметтік желіге жүктелді.

Мақсаты: білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету.

Мәндеті:

-Білім беру ұйымдарының барлық білім алушыларының ел әнұранының мәтінін жатқа айту.

- еліміздің мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет сезімін қалыптастыруға ықпал ету

1 – тоқсанның қорытындысы ретінде балалардың күзгі демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында күзгі демалыс кезінде өткізілетін іс-шаралар жоспары құрылды.

Демалыс уақытында «Даналық мектебі», «Ата- аналарды қолдау орталығы» бойынша ата- аналармен жиналыс ұйымдастырылып, ата- аналарға тәрбие құндылықтары туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді.

2- тоқсанның бірінші аптасында «Петровка ауылының ЖОББМ» КММ 2023 жылы 8-20 қараша күндері **«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»** атты декадада өткізілді.

Декада 8 қараша күні басталғаны туралы әлеуметтік желілерде арнайы пост жазылды, декаданың сипаттамасы және мақсаты айтылды.

1 – 9 сыныптарда «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

Мектеп әлеуметтік педагогы Лысенко А. А. Және сынып жетекшілер «Отбасы және бала тәрбиесы» атты ата аналар жиналысын өткізді.

Мектеп өзін өзі басқару ұйымы және аға тәлімгерлері Киянбекова А.Ә, және Бондаренко А. Н. 1-4 сыныптармен шығармашылық сабақ өткізді. Оқушылар «Бақытты балалық шақ» атты тақырыпқа суреттерді салды.

Аға тәлімгер Бондаренко А. Н. жоғары сынып оқушыларымен дөңгелек үстел басында балаларға қатысты қатыгездік және зорлық-зомбылық мәселелерін талқылады.

15 қараша ұлттық валюта күніне орай сыныптарда сынып сағаттары өткізіліп, өзін-өзі басқару ұйымы қоңырау уақытында теңгеге байланысты **«Қызықты үзіліс»** тренингтерін өткізді.

9 айға 9 іс-шара жобасы бойынша қараша айында Республикалық « Асық ату» челенджіде мектебімізде ұйымдастырылды.

«5 асық», «асық жинау» ойындары ұйымдастырылып әдемі шара қорытындысы сыныптарды марапаттау рәсімімен жалғасын тапты.

Апта сайын үйірме кестелеріне сай оқушылар арасында тоғызқұмалақ, шахмат, домбыра, волейбол, баскетбол үйірмелері кесте бойынша өткізіліп отырады.

Өткен іс-шараларды директордың ТІЖ орынбасары Толағайқызы А. және Пеленева Т.В. INSTAGRAM желісіне орналастырды.

Желтоқсан айының бірінші аптасында мектебіміздің 1"А" сынып оқушысы Ищанова Ақерке, сынып жетекшісі Толағайқызы А. Аудандық "Жұлдызды сәт" байқауына қатысып, "Ұстаз бен шәкірт" әнін орындады.

13- желтоқсан « Болашаққа хат» республикалық челленді өткізіліп мектеп оқушылары өздерінің шығармаларын әлуметтік желіге жариялады.

15- желтоқсан «Тәуелсіздік күні» қарсаңында 1-9 сыныптар арасында сынып сағаттары, «Адал ұрпақ» ұйымы мүшелері және аға тәлімгер Киянбекова А.Ә., Бондаренко А.Н. Тәуелсіздіктің жетестіктері» атты дөңгелек үстел өткізді

15- желтоқсан 0-9 сыныптар арасында «Өнеріміз саған Қазақстан» көрме жұмысы ұйымдастырылды.

1«А» сыныптарында 26 желтоқсан желтоқсан күні «Әліппемен қоштасу» өтті.

Өткізілген ертеңгілік бойынша видео есеп әлуметтік желіге жүктелді.

Жаңа жылдық іс шараларды өткізу үшін арнайы жоспар құрылды.

18- 22 желтоқсан күндері арасында мектепті безендіру жұмыстары өтті. Мектеп фойесі және акт залдың қабырғалары безендіріліп, шыршылыр қойылды.

25 желтоқсан күні Астрахан ауданы Әкімінің шыршасы өтті, мектебімізден 4 оқушы қатысты. Балалар тәтті сыйлықпен және ойынды сыйлыққа алып келді

Оқушылар үшін іс шаралары 26 -27 желтоқсан арасында өтті.

Алғашқы кеш 1-4 «А», «Б» сыныптарына 4 «А» «Б» сыныптары ұйымдастырды. 9 «А» «Б» сыныптар қойылым қойып, оқушылырмен түрлі ойындарды өткізді. Жауапты сынып жетекшілер: ДТІЖО, Сынып жетекшілер мен өзін-өзі басқару ұйымы.

5-6 «А», "Б" сыныптарына арналған "Қош келдің Жаңа жыл" атты қойылым көрсетілді. Балалар ойын ойнап, өлеңдер оқып би билеп тәтті сыйлықтарын алды. Жауапты: Нурдуллаев Е.Ғ, Секенова Р.О.

7-9 «А», «Б» сыныптарға Жаңа жылдық Бал Маскарад ұйымдастырылды. Кешімізді вальспен бастап, трендтегі ойындармен жалғастырдық. Жауаптылар: ДТІЖ орынбасарлары, Шефер Н.В.

Сонымен қатар Жаңа жылдық кезіндегі қауіпсіздік ережелері БАҚта орналыстырылды.

Аналитикалық анықтама

Оқу процесінің тиімділігін екі жолмен бағалау керек - өнімді және процессуалдық. Білім неғұрлым тиімді болса, нәтиже мақсатқа сәйкес келеді. Тиімділік оқушылардың тәрбие деңгейінде көрінеді, ол көрсеткіштермен – мінез-құлық пен сананың байқалатын белгілерімен көрінеді. 2023-2024 оқу жылындағы көрсеткіш орташа деңгейде деп айта аламыз.

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысы негізінен мектеп белсенділерінің, МО сынып жетекшілерінің тұрақты жиындарына, директордың ТІЖ орынбасарымен сұхбатқа негізделді, мұнда тікелей байланыс болды. Директордың ТІЖ орынбасары және сынып жетекшілер, кітапханашы, педагог-психолог, аға тәлімгер, оқушылар, мектеп пен сыныптың мәселелері талқылады, әр түрлі тақырыптар бойынша ақпарат тыңдады, қорытындыланды, бұл жеке мүмкіндіктер мен жеке қасиеттерді жақсы түсінуге көмектесті.

2023-2024 оқу жылының жартыжылдықтың қорытындысын шығара отырып, алға қойылған мақсаттар мен міндеттер орындалып, орындалғанын атап өткім келеді.